

Суретке қарап, тақырыпты анықтаңыз:



Өлі табиғаттағы үдерістер

5.4.1.1 өлі табиғатта болатын үдерістерді атайды (табиғатта заттардың айналымы, тау түзілу, үгілу, та, климаттық үдерістер)

5.4.1.2 өлі табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын түсіндіреді

Бейнематериалмен танысу



<https://twig-bilim.kz/film/fold-mountains-formation-6015/> Тау түзілу


<https://twig-bilim.kz/film/weathering-5405/> Тау үгілу

<https://twig-bilim.kz/film/glossary/climate-5248/> Климаттық үдерістер

Тапсырма 1:

- 1) топ -тау түзілу,
- 2) топ -тау үгілу,
- 3) топ - климаттық үдерістер

Аталған үдерістердің қандай табиғат заңдылықтарымен байланысты екенін айтып, не болмаса графиктік әдіспен сызып көрсету қажет. Мысалы:




- тау
- Климат
- ?
- ?
- ?



Қату-еру үгілуі

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР • ГЕОЛОГИЯ • МҰЗДЫҚ ЭРОЗИЯСЫ






Механикалық үгілу

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР • ГЕОЛОГИЯ • ӨЗЕН ЭРОЗИЯСЫ


Бөліну



Қату



Температура өзгерісі



Тамыр арқылы жарықшақтану



Ауа райы – атмосфераның қазіргі уақыттағы жағдайы. Егер ауа райын сипаттау қажет болса, біз температураны, желдің жылдамдығы мен бағытын, ылғал мөлшерін (жаңбыр), бұлттылық деңгейін және айқындылықты сипаттаймыз.

Климат – орташа ауа райы жағдайлары, ол белгілі бір жердің белгілі бір уақыт аралығындағы ауа райы қандай екендігін көрсетеді. Климат бірнеше жылдық уақыт кезеңіндегі ауа райының орташа мәндері арқылы есептеледі. Елдің климаты жылы, құрғақ жаз және суық, ылғалды қыс деп сипатталуы мүмкін.

Жауын-шашын дегеніміз не?


Жауын-шашын деп атмосферадан Жер бетіне түсетін судың кез-келген күйін айтамыз.

Оған жаңбыр, қар, бұршақ, қырау және шық жатады.



Жаңбыр қалай пайда болады?

ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР • АУА РАЙЫ • МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР



АССОЦИОГРАММА



Табиғат – ол бізді қоршаған бүкіл әлем. Оған адам қолымен жасалған заттар жатпайды. Адамдар үйлер мен жолдарды табиғи материалдар көмегімен салады.

Табиғатты құраушы элементтер екі топқа бөлінеді: тірі табиғат элементтері және өлі табиғат элементтері.



ТАБИҒАТ КӨРІНІСТЕРІ ЖАЙЛЫ ӘҢГІМЕЛЕНІЗ

Өлі табиғат – табиғаттың жансыз бөлігі, мысалы, жер қыртысын құрайтын ауа, су және тау жыныстары. Өлі табиғат өзгеріссіз тұрғандай көрінеді. Алайда, зер салып қарасаңыз, онда үнемі өзгерістер болып тұратынын байқай аласыз. Мәселен, су мен ауа қозғалады, қыста су мұзға айналады, тастар түйіршіктеліп үгітіліп жатады.

- **Жер қыртысы өсімдіктерге қажет топырақ қабатын құрайды**
- **Су – бұл өмір. Бүкіл тірі ағзаларға тіршілік үшін су қажет**
- **Ауаның құрамында түгелдей дерлік тірі ағзаларға дем алу үшін қажетті газ - оттегі бар**


Бейнематериалмен танысу



Жердің орбитасы мен маусымдар:

https://www.youtube.com/watch?v=9zW6c_hfZ4c

Тапсырма 2: табиғаттағы болып жатқан үдерістердің себеп-салдарларын анықтау



Тапсырма 3:


Ж Кесте толтыру:

Табиғат үдерісі	Себебі	Салдары

Тапсырманы орындау критерийлері:

1. Табиғат үдерісінің пайда болуының негізгі себебі
2. Ол үдерістің қоршаған орта мен адам өміріне әсері
3. Жұптық жұмысты орындаудағы әр оқушының тапсырманы орындау үлесі.

Рефлексия



- ❖ Бүгін нені түсіндің?
- ❖ Сен үшін тақырып қаншалықты маңызды?
- ❖ Сабақта неден қиналдың?

Дереккөздер:

<https://twig-bilim.kz/film/fold-mountains-formation-6015/> Тау түзілу

<https://twig-bilim.kz/film/weathering-5405/> Тау үгілу

<https://twig-bilim.kz/film/glossary/climate-5248/> Климаттық үдерістер

https://www.youtube.com/watch?v=9zW6c_hfZ4c Жердің орбитасы мен маусымдар